

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Білім саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 14 шілде N 1077

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен келісілген және тәжік жағымен алдын ала пысықталған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Білім саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімнің ж о б а с ы м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі тәжік жағымен

келіссөздер жүргізсін және уағдаластыққа қол жеткізілгеннен кейін, осы ретте Келісімнің жобасына қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан көрсетілген Келісімге қол қойсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН ТӘЖІКСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ
АРАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі,

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметінің арасындағы 1993 жылғы 15 қаңтардағы негізгі өзара қарым-қатынастар туралы Шартты б а с ш ы л ы қ қ а а л а ,

және білім саласындағы екіжақты ынтымақтастықты дамытуға ұмтыла отырып, төмендегідей келісімге келді:

1-бап

Тараптар жоғары, бастауыш және орта кәсіптік білім жүйесі мен құрылымы, реформалар және жаңа білім беру технологиялары туралы ақпараттармен, оқу-әдістемелік материалдарымен алмасу арқылы ынтымақтастықты жүзеге асыратын
б о л а д ы .

2-бап

Тараптар эквиваленттік алмасу түріндегі ынтымақтастықты жүзеге асыратын
б о л а д ы :

- толық оқу курсына студенттермен;
- лекциялар оқу үшін профессорлық-оқытушылық құраммен.

Айырбас квотасы, мамандықтар тізбесі, лекциялар тақырыбы, мерзімдері және басқа да жағдайлары жыл сайынғы бірлескен Хаттамада айқындалады.

3-бап

Тараптар бастауыш, орта кәсіптік және жоғары білім мекемелері арасындағы тікелей әріптестік байланыстарды ұлттық заңдарға сәйкес дамытатын болады.

4-бап

Осы Келісімді іске асырудың жағдайын талқылау, ынтымақтастықты одан әрі кеңейту және жетілдіру мақсатында Тараптар, қажет жағдайда, 3 (үш) күн мерзімге құрамында екі адам бар жұмысшы делегацияларымен алмасатын болады.

5-бап

Оқушылар, студенттер, тәжірибеден өтушілер, ғылыми-педагогикалық қызметкерлер, жұмыс делегациялары мүшелерімен өзара алмасу Тарап мемлекеттерінің мүдделі ұйымдары арасындағы тікелей шарттарға сәйкес жүзеге асырылады. Онда жіберуші және қабылдап алушы жақтардың құқы, міндеті және жауапкершіліктері айқындалады.

6-бап

Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға байланысты туындайтын мәселелер консультациялар және келіссөздер жолымен шешілетін болады.

7- бап

Тараптардың өзара уағдаласуы бойынша осы Келісімге хаттамалар түрінде ресімделген, осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізуге болады. Олар жеке Хаттамалармен ресімделеді.

8-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны жөнінде соңғы жазбаша мәлімдемені алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім 5 жыл мерзімге жасалады және Тараптардың бір де бірі

келесі Тарапқа кезекті бес жылдық мерзімнің бітуіне кем дегенде алты ай қалғанша оның қызметін тоқтату жөнінде жазбаша мәлімдеме жібермеген жағдайда, өзінен өзі келесі бес жылдық мерзімге ұзартылады.

2000 жылғы " ____ " _____ қаласында екі дана түпнұсқада, әрқайсысы қазақ, тәжік және орыс тілдерінде жасалынды, осы күйінде барлық мәтіндердің бірдей күші бар. Осы Келісім ережелерін түсіндіруде түсінбеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ ҮШІН

ТӘЖІКСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ ҮШІН

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК